

Мемлекеттік меншікті (мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындарынан басқаларын) жекешелендіруден алынған қаржының келіп түсуі мен бөлінуінің тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 22 маусымдағы N 1275 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға /II кезең/ арналған Ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

1. 1993-1995 жылдары мемлекеттік меншікті жекешелендіруден алынған ақша қаражаты толық көлемінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық басқармаларында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің арнаулы қосымша шотына жазылып, аумақтық комитеттерге құжаттар тапсырылатын болып белгіленсін.

2. 1991-1992 жылдарда жекешелендірілген мемлекеттік объектілердің ақшалай қаражатының келіп түсуінің бұрын белгіленген тәртібі сақталсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне жекешелендіруден түскен қаржыны толық көлемінде республикалық бюджет кірісіне аудару тапсырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне 1994-1995 жылдарға арналған Республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу кезінде, сондай-ақ 1993 жылы мемлекеттік меншікті жекешелендіруден түсетін қаржыны ішкі мемлекеттік қарызды өтеуге және Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға /II кезең/ арналған Ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шығынға жұмсау тапсырылсын.

5. Осы Қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

